

**«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ»**  
**Талапкер 2024 ж.**

✓ **БАКАЛАВРИАТ**

<b>Кафедра атауы</b>	<b>Білім беру бағдарламасының атауы</b>	<b>Топ</b>	<b>Мектептен н/е колледжден кейін қабылдау</b>	<b>Даярлық топ</b>	<b>Шектік балл</b>
«Хор дирижерлеу»	6B02126 - «Оркестрлік дирижерлеу»	Қазақ Орыс	Арнайы мамандандырылған мектеп, музыкалық колледж	Бар	75 грант және ақылы

**• 6B02126 «ОРКЕСТРЛІК ДИРИЖЕРЛЕУ» БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН ТАЛАПТАРЫ:**

**Өтініш берушінің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:**

- талапкердің кәсіптік музыкалық білімі туралы мемлекеттік құжаты болуы керек

**Талапкерлерде кәсіби дирижердың қалыптасуы үшін қажетті келесі мәліметтер болуы керек.**

- дамыған музыкалық есту қабілеті, орындаушылық дарындылық пен эрудициялық қабілеттердің болуы;
- сөйлеу ақауларының болмауы;
- тұрақты жүйке жүйесі, кәсіби дағдыларды меңгеруге кедергі келтіретін физикалық кедергілер болмауы.

**Мамандандырылу бойынша емтихан талабы:**

**БІРІНШІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН.**

**Мамандық**

- екі түрлі сипаттағы шығармаға дирижирлік ету (увертюра, симфонияның бөлігі)
- фортепианолық шығармаларды орындау
- есту талдауы (интервалдар, I-дәрежелі туыстық деңгейдегі үндестіктегі модуляция аккордтары)

### **Коллоквиум.**

Коллоквиум оқуға түсуші талапкердің жалпы мәдени деңгейін, оның музыкалық эрудициясын, музыка тарихының негізгі кезеңдері мен даму заңдылықтарын білуін, қазақ және шетелдік классикалық және қазіргі заманғы музыкалық әдебиетімен, аралас өнермен таныстығын анықтайды. Коллоквиумда музыкалық-теориялық цикл пәндері бойынша сұрақтар қойылуы мүмкін. Талапкер білуі тиіс:

- орындайтын шығарма композиторының өмірбаянын, шығармашылығын;
- музыкалық терминологияны;
- қазіргі заманның көрнекті дирижерлерін.

## **ЕКІНШІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН: СОЛЬФЕДЖИО ЖӘНЕ МУЗЫКА ТЕОРИЯСЫ ТЕОРИЯ**

### ***Сольфеджио:***

#### ***Жазбаша:***

- Аралас құрылымды (гомөфонды-полифониялық), диатоникалық туыстық тональдікке ауытқулары және модуляциясы бар үшдауысты диктант
- Жазуға берілетін уақыт – 25-30 минут, 10 рет орындалады

#### ***Ауызша:***

- интервалдары, айналымдары бар аккордтарды әндету және естіп анықтау (тональдікте және дыбыстан);
- төртдауысты орындауда біртональді және модуляциялық музыкалық құрылымды есту арқылы анықтау;
- әртүрлі метрикалық қиындықтары бар, қарапайым және күрделі өлшемде
- жазылған, альтерация және мен хроматизмдері бар бірдауысты әуенді бірден парақтан әндету.

### **Гармония**

#### ***Жазбаша:***

- Диатоникалық аккордтарды, альтерацияланған субдоминанта аккордтарын, екі еселенген доминантаны, I деңгейдегі туыстық тональдіктерге ауытқулары мен модуляцияны қолдана отырып әуенді гармонизациялау.
- Жазуға берілетін уақыт – 2 академиялық сағат

### **Ауызша:**

- Период формасында, төртдауысты құрылымда (аккордтан тыс дыбыстарды қолдана отырып), I деңгейдегі туыстық тональдіктерге модуляция ойнау;
- Аккордтар тізбегін немесе секвенция ойнау (тональді немесе модуляциялық);
- Әртүрлі стильдегі шығармалардың музыкалық үзіндісіне бірден парақтан гармониялық талдау жасау;
- Музыка теориясы, гармония, музыкалық шығармаларды талдау курстары бойынша сұрақтар.

### **ЖИІ ҚОЙЫЛАТЫН СҰРАҚТАР**

**Сұрақ:** Мен колледжде флейтист мамандығы бойынша оқыдым, енді дирижирлеу бөліміне тапсыра аламын ба?

**Жауап:** Иә, Сіз құжаттарыңызды тапсыра аласыз. Дирижерлік факультетке дирижирлеу, сондай-ақ аспаптық факультетті тәмамдаған студенттер де тапсыра алады.

**Сұрақ:** Мен білім алғым келетін ұстазды таңдай аламын ба?

**Жауап:** Иә, әрине. Егер сол педагогтің сыныбына қабылдау жүргізілсе, өтініш жазып таңдай аласыз.

**Сұрақ:** Коллоквиумда тағы қандай сұрақтар қойылады?

**Жауап:** Коллоквиумда жалпы музыкалық ой-өріс, музыкалық – теориялық пәндер және симфониялық әдебиеттер туралы сұрақтар бар.

### **Шығармашылық емтиханның бағалау критерийлері:**

<b>Бағалаудың балдық көрсеткіші</b> <i>I</i> <i>шығармашылық емтихан</i>	<b>Бағалау критерийлері</b> <i>I шығармашылық емтихан</i>	<b>Бағалаудың балдық көрсеткіші</b> <i>II</i> <i>шығармашылық емтихан</i>	<b>Бағалау критерийлері</b> <i>II шығармашылық емтихан</i>
45-50	Дирижерлік аппарат еркіндігі бар; шығарманың эмоционалды орындалуы және әртістік шеберлігі;	45-50	Жазбаша жұмыс мінсіз, қатесіз және ескертусіз орындалды; Диктант сауатты, қатесіз жазылған;

	шығарманың идеясын тыңдаушыға жеткізе білуі және өзін сахнада ұстай алу деңгейі жоғары; шығармаларды өз бетінше түсіндіруі, интерпретациялауы айқын.		Әндетуі интонациялық таза және ырғақты дәл; Музыка теориясы бойынша мінсіз жауап.
40-44	Дирижерлік аппарат еркіндігі бар; бағдарламаны қатесіз, жоғары орындаушылық деңгейде орындау; ноталық/әдеби мәтінді сауатты білу; орындалатын шығарманың көркемдік бейнесін автордың ойына сай орындаушылық штрихтарды дәл орындау арқылы ашу.	40-44	Жазбаша жұмыс сауатты орындалды, кішкене түзетулермен; Диктант толығымен жазылған, бірақ кішігірім түзетулер енгізілді; Әндетуі сенімсіз, бірақ интонациялық таза және ырғақты дәл; Музыка теориясы бойынша тамаша білім.
35-39	Дирижерлік аппарат еркіндігі жақсы; Ноталық/әдеби мәтінді білу және дұрыс оқу; көрсетілген фразировканы, штрихтарды, динамикаларды, агогикаларды көрсету; орындалатын шығарманың мәнерлілігінің аз берілуі.	35-39	Жазбаша жұмыс бірнеше кішігірім қателіктермен орындалады; Диктант толығымен жазылады, бірақ әуен мен ырғақта аздап қате кеткен; Әндету жақсы, бірақ әуенде және ырғақтық қателіктер бар; Жақсы теориялық білім.
30-34	Дирижерлік техника орташа меңгерілген, әдеби және музыкалық мәтінді білу, қолдың айқын позициялық көрсетілімі бар.	30-34	Жазбаша жұмыс аз қателіктермен орындалады; Диктант толығымен жазылады, бірақ әуен мен ырғақта аздап қателері бар. Ән айту жақсы, бірақ әуенде және ырғақтық қателіктер бар. Музыка теориясы бойынша кейде дұрыс жауап бере алмайды.
25-29	Штрихтар мен агогикаларды дирижерлеудың жеткіліксіздігі; бағдарламаның дұрыс орындалмауы; орындалған шығарманың сахналық және интерпретациялық көрсетілімі мәнерсіз.	25-29	Жазбаша жұмыс көптеген қателіктермен орындалады; Диктант толығымен жазылған, бірақ елеулі қателіктер жіберілді; Әндету интонациялық таза емес және ырғақты дәл емес. Музыка теориясы бойынша кейде дұрыс жауап бере алмайды.
20-24	Өзіндік интерпретация элементтерінсіз бағдарламаның формальды дирижерлеу; музыкалық және көркем мәтіндерді дұрыс оқымау; метро ырғақтық тұстарда дәлдік жоқ.	20-24	Жазбаша жұмыс үлкен қателіктермен орындалды; Диктант көптеген қателіктермен жазылған, бірақ негізгі фрагменттер бар.

			Әндету дәл емес, үнемі түзетуді қажет етеді Музыка теориясы бойынша үзінді жауаптар береді
15-19	Эмоционалды емес, штрихтар мен фразаларды, агогика мен темп-ритмикалық көрсеткіштерді формальды орындау; бағдарламаны орындауда шығармаларды сенімсіз және түсініксіз жеткізуі,	15-19	Жазбаша жұмыс толық орындалған жоқ; Диктант көптеген қателіктермен жазылған, бірақ негізгі фрагменттер бар. Ән айту дәл емес, үнемі түзетуді қажет етеді Жеңіл-желпі теориялық білім .
10-14	Шығармаларды нанымсыз және түсініксіз дирижерлау; орындаудағы дәлсіздіктер: ырғақтық, музыкалық.	10-14	Жазбаша жұмыс соңына дейін орындалмайды, үлкен қателіктермен; Диктант толығымен жазылмаған, көптеген қателіктермен; Ән айту дәл емес; Теориялық білімді нашар меңгерген
5-9	Авторлық мәтінді жеткізудегі дәлсіздіктер байқалатын бағдарламаны орындау; музыкалық материалды, әдеби мәтінді орындаудағы, қателермен және кідірістермен дирижерлеу; шығарманы сенімсіз және мәнерсіз, түсініксіз дирижерлеу; эмоциясыз жеткізуі; өзіндік жұмыстың болмауы.	5-9	Жазбаша жұмыс орындалмады; Диктант соңына дейін жазылмаған; Әндету фрагментті, қателіктермен Теориялық материалды меңгермеген
0-4	Бағдарламалық талаптарды орындамауы	0-4	Жазбаша жұмыс орындалмады; Диктант жазылмаған; Ән фрагментті, қателіктермен Теориялық материалды меңгермеген

### **БАЙЛАНЫСУ АҚПАРАТЫ:**

Бірінші шығармашылық емтихан сұрақтары бойынша: [kaznuidir@mail.ru](mailto:kaznuidir@mail.ru)

Екінші шығармашылық емтихан сұрақтары бойынша: [galpeissova@mail.ru](mailto:galpeissova@mail.ru)

Оқуға тапсыру кезіндегі жалпы сұрақтарыңыз бойынша: [Kaznui.priem@gmail.com](mailto:Kaznui.priem@gmail.com):